

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
Ш Е Ш І М І**

Ақтөбе қаласы

№427

2019 жылғы 19 маусым

**Облыстық мәслихаттың кезекті
отыз төртінші сессиясының күн
тәртібі туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 Заңының 6-бабына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Облыстық мәслихаттың кезекті отыз төртінші сессиясының күн тәртібіне мынадай мәселелер енгізілсін:

1. 2018 жылғы облыстық бюджеттің атқарылуы туралы облыс әкімдігінің есебі.

1) 2018 жылғы облыстық бюджеттің атқарылуы және әлеуметтік-экономикалық даму болжамында қабылданған салық-бюджет саясатының негізгі бағыттарының іске асырылуы туралы облыс әкімдігінің баяндамасы.

*Баяндамашы: Г.С.Сисенова - қаржы басқармасының
басшысы*

2) 2018 жылғы облыстық бюджеттің атқарылуын бақылау нәтижелері бойынша Тексеру комиссиясының баяндамасы туралы.

*Баяндамашы: С.Еңсегенұлы - Ақтөбе облысы бойынша
тексеру комиссиясының
төрағасы*

3) 2018 жылғы облыстық бюджеттің атқарылуы туралы есеп бойынша бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік жөніндегі тұрақты комиссияның қорытындысы.

*Хабарламашы: А.Ю.Ни - бюджет, экономика, өнеркәсіп
және кәсіпкерлік жөніндегі тұрақты
комиссияның төрағасы*

2. Ақтөбе облысы әкімдігінің және мәслихатының 2011 жылғы 12 қазандағы №328/415 «Ақтөбе облысы бойынша жер учаскелері жеке меншікке берілген кезде олар үшін төлемақының базалық ставкаларын белгілеу туралы» бірлескен қаулысына және шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

3. Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Біршоғыр ауылдық округін Бершүгір ауылдық округі деп қайта атау туралы.

4. Ақтөбе облысының әлеуметтік маңызы бар облысшілік катынастар тізбесін айқындау туралы.

Хабарламашы: Н.Д.Аспенов – жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы басшысының м.а.

5. Облыстық мәслихаттың 2018 жылғы 19 қыркүйектегі №338 «Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласында сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін базалық ай сайынғы төлемақы мөлшерлемелерін арттыру туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

6. Облыстық мәслихаттың 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №351 «Ақтөбе облысының су объектілерінде ортақ су пайдаланудың Қағидаларын бекіту туралы» шешіміне толықтыру енгізу туралы.

7. Облыстық мәслихаттың 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №349 «Ақтөбе облысының қалалары мен елді мекендерінің аумақтарында жасыл екпелерді күтіп-ұстаудың және қорғаудың Қағидаларын, абаттандырудың Қағидаларын бекіту туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы.

8. Облыстық мәслихаттың 2010 жылғы 11 ақпандағы №281 «Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерінің, соларға теңестірілген адамдардың, I, II, III топтағы мүгедектердің, 16 жасқа дейінгі бала кезінен мүгедектердің және оларды ертіп жүрген адамдардың жол жүру төлемдері туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

9. Облыстық мәслихаттың 2017 жылғы 8 желтоқсандағы №226 «Ақтөбе облысы бойынша іске асырылуы жоспарланатын жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесін бекіту туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы.

10. «Хромтау ауданының Хромтау қаласында 320 орындық балабақша салу және техникалық қызмет көрсету» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер қабылдау туралы.

Хабарламашы: Л.А.Оразбаева – білім басқармасының басшысы

11. «Ақтөбе қаласында Мұз сарайын салу және пайдалану» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер қабылдау туралы.

Хабарламашы: М.Ж.Махамбетов – дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы

12. Облыстық мәслихаттың 2010 жылғы 13 желтоқсандағы №352 «Ақтөбе облысында құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі

ведомствоаралық комиссияның дербес құрамы туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

13. Облыстық мәслихаттың 2016 жылғы 12 желтоқсандағы №105 «Ақтөбе облысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Аймақтық комиссияның дербес құрамы туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

14. Облыстық мәслихаттың 2013 жылғы 14 тамыздағы №154 «Ақтөбе облысының терроризмге қарсы комиссияның дербес құрамы туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

15. Облыстық мәслихаттың 2018 жылғы 10 желтоқсандағы №363 «Облыстық жер комиссиясының ережесін және дербес құрамын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

16. №2 Алтынсарин сайлау округінен депутат К.Кенжебаевтың депутаттық сауалы туралы.

17. №16 Әйтеке би сайлау округінен депутат А.Ф.Чемодановтың депутаттық сауалы туралы.

18. Облыстық мәслихаттың кезекті сессиясының күн тәртібі мен төрағасы туралы.

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

Б. БЕРКІМБАЕВ

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА